



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

XIX ғасырдағы атеизм жеңісі



Дәрістің мақсаты: XIX ғасырдағы ғылым мен философияда атеизм қалай қалыптасқанын білу.

Сабақтың негізгі терминдері: атеизм, материализм, эмпиризм, энциклопедия.

Атеизм. Батыста кейбір адамдар эмпирикалық идеяның тәуелді жүйелерінен шығару үшін жаңа теология жетілдіріп, Тәңірді құтқаруға тырысты, бірақ атеизм тамырын тереңге жая бастады. Әсіресе ақыл культіне қарсы қозғалыс та қанат жайды. Романтикалық қозғалыстың ақын-жазушылары мен философтары барлық нәрсені қамтитын рационализмнің жаңсақ екенін жеткізді. Өйткені бұл адам рухының жаратушы және сезімтал қырын ескермейді. Христиан дінінің кейбір догмалары мен сырлары зайырлы түрде жаңадан түсіндірілді. Бұл жаңадан қалыптасқан теологияда жәннат пен жәһаннам, қайта тірілу мен құтылу сияқты ескі мәселелер «сыртта, жырақта» тұрған трансцендентті Ақиқаттан іргелерін ажыратты. Оның орнына интеллектуалды Тәңірді ақылға сыятын кейіпке әкелді.

XIX ғасырда ұлы философтар бірінің артынан бірі дәстүрлі Тәңір көзқарасына, Батыста ықпалды Тәңірді сынай бастады. Әсіресе «сыртта» объективті болмысқа ие, таңғажайып Тәңір көзқарасы олардың шамына тиді. Ұлық болмыс ретінде Тәңір идеясы Батыста үстемдік етіп жатса да, басқа біртәңірлік дәстүрлердің мұндай теологиядан бөлінгенін көреміз. Яхудилер мұсылмандар мен православ христиандар біздің адами Тәңір идеямыздың тек бір символ ретінде тіл жетпейтін шындығын өтей алмаған кезде өздерінің әртүрлі жолдарында табандап тұрды.

Гегель мұрасының мәні. Джордж Вильгельм Гегель (1770–1831) бір қарағанда Каббалаға ұқсайтын философияны жетілдірді. Гегель үлкен қателікке ұрынды. Яхудилікті бастапқы Тәңір ұғымына жауапты кемел дін ретінде қабыл етті. Сондықтан бұл ирониялық сипат алды. Гегельге қарағанда яхуди Тәңірі жан төзгісіз бір Заңға мойынсұнуды қалайтын бір тиран. Иса адамдарды мұндай масқара құлдықтан құтқаруға тырысты, бірақ яхудилер сияқты христиандар да тұзаққа түсті. Олар иләһи деспот идеясын дәріптеді. Қазір бұл варвар тәңірді бір жаққа лақтырып, адамның хәліне зиялы көзқарас ұсынудың уақыты келді.

The World as Will and Idea (Қалау мен идея ретінде әлем) кітабы жарық көрген жылы, Артур Шопенгауэр Гегельдің философиясын оптимистік деп тапты. Шопенгауэр әлемнің функциясында Жаратушының да, ақылдың да, Тәңір мен рухтың да үлесі жоқ деп сенетін. Инстинктіге сүйенген хайуани тіршілік қалауынан басқа ешнәрсе жоқ. Бұл керітартпа көзқарас романтизм қозғалысының ең қараңғы рухтарына қатысты айтылды. Бүкіл діни түсініктерден сонда да теріс айналмайды. Шопенгауэр Үнді діні мен Буддизм (және әр нәрсенің бос екенін тілге тиек еткен христиандардың) әлемдегі әр нәрсе бір иллюзия екенін алға тартқан кезде тұтас ақиқатқа ұласқанына сенді.

Экзистенциализм. Мұндай ескі Тәңір қағидалары қате және нұқсан еді сондықтан бірте-бірте жойылды. Даниялық философ Сорен Кьеркегор (1813–55) ескі наным-сенімдер пұтқа айналғандығын алға тартты. Олар өздері үшін мақсат болып, Тәңірдің киелі ақиқатының орнын алды.

Атеизм (грек. құдайсыздық) – Құдай және Құдайлар жоқ деген сенім, кеңірек кез келген құдайдың барына қарапайым сенімнің жоқтығы.

Материализм (латын. materialis – заттық) – әлем материалдық, санадан тыс, тәуелсіз өмір сүреді, материя алғашқы және оны ешкім жаратқан жоқ, ол мәңгі өмір сүреді, ойлау – материяның қасиеті деген философиялық бағыт.

Эмпиризм (грек. тәжірибе) – XVIII ғасырда пайда болған ілім, сезімдік тәжірибе білімнің жалғыз көзі, барлық білім тәжірибемен және тәжірибенің арқасында негізделеді.

Энциклопедия (жаңа латын. encyclopaedia, XVI ғ., ерте гр. «толық шеңберде оқыту») – адамзат баласының білімінің немесе пәндер шеңберін барлық саласын шолу жүйесіне келтіру, біріктіргенде білімнің жеке саласын құраған, кең оқырмандаға арналған жүйеленген анықтамалық басылым.



Кітап: Иудаизм, Христиандық және Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны
Дәріс: 22. XIX ғасырдағы атеизм жеңісі

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Д. Юмның «Табиғи дін туралы диалогынан» христианин, агностик және скептик арасындағы әңгімені көрсетіңіздер.
2. Сіздің көзқарасыңыз бойынша неге Д. Дидро соқыр ғалым арқылы өзін дінге қарсы қойды?
3. Ньютонмен салыстырғанда Құдайға көзқарасы немен ерекшеленеді?